2. Осы Шартта төменде көрсетілген ұғымдар мынадай түсіндірмені білдіретін болады:

1) «Дүлей күш (Форс-мажор)» – төтенше және тойтаруға болмайтын оқиғалар (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары және басқалары). Ондай оқиғаларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың рынокта болмауы жатпайды;

2) "**Көрсетілетін қызмет**" – өндіріс процесі және тауарлар мен аспаздық өнімдерді өндіруді қосқанда орта білім беру ұйымдарының білім алушыларына сапалы және қауіпсіз тамақтандыруды ұсыну;

3) "**Тапсырыс беруші**" – орган немесе орта білім беру ұйымы.;

4) "**Тауар**" – орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша тауар.;

5) "**Өнім беруші**" – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), Тапсырыс берушімен жасасқан шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін тұлға;

6) "**Шарт**" – Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жазбаша нысанда жазылған, тараптар оған барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен бірге, сондай-ақ шартта сілтеме бар барлық құжаттамамен бірге қол қойылған азаматтық-құқықтық акт;

7) "**Шарттың бағасы**" - Тапсырыс беруші Шарттың шеңберінде Өнім берушіге өзінің шарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін төленуге тиіс соманы білдіреді.

Тараптар осы шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе жартылай орындамаған жағдайда, егер ол дүлей күш нәтижесі болып табылса, жауапкершілік артпайды.

3. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда айтылған жағдайлар, осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;

2) техникалық тапсырма;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз ету

4. Өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (банктік кепілдеме немесе кепілдік ақшалай жарна төлеу) Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларында көзделген жағдайларда енгізеді. 1% мөлшерінде, 2880 (екі мың сегіз жүз сексен) теңге сомасында. (17.01.2020 жылғы № 38 төлем тапсырмасы)

5. Өнім берушінің үшінші тұлғалардың тұтастай не Шартты қамтамасыз етуді орындау бөлігінде талап қою құқығының туындауына әкеп соғатын іс-қимыл жасауына жол берілмейді. Тапсырыс берушінің Өнім беруші енгізген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді пайдалануына жол берілмейді.

6. Шарт тиісті қаржы жылына міндеттемелер бойынша бекітілген жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес бөлінген қаражат шегінде жасалады және

көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болмаған жағдайда кемінде екі рет ұзартылады.

7. Өнім беруші қызметті көрсетуді немесе тауарды жеткізуді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық тапсырмаға сәйкес білім беру ұйымдарында жекелеген санаттағы 5 (бес) баланы тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті немесе тауарды қабылдауды және төлеуді міндетіне алады. Ақы төлеу нысаны – аударым.

8. Төлеу мерзімі: әр айдың 25 дейін, қойылған шот-фактуралар негізінде;

9. Ақы төлеу алдындағы қажетті құжаттар: шот-фактура, орындалған жұмыстар акті.

10. Өнім беруші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз қандай да болмасын адамға Шарттың мазмұнын немесе оның қандай да бір ережелерін, сондай-ақ Тапсырыс беруші немесе осы Шартты орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналды қоспағанда, оның атынан басқа адам берген құжаттаманы немесе ақпаратты ашпауға тиіс. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада берілуге тиіс.

11. Өнім берушінің орта білім беру ұйымдарында жекелеген санаттағы білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілген қызметке немесе тауарды жеткізуге ақы төлеу көрсетілетін қызметті іс жүзінде орындау нәтижелері бойынша осы Шарттың 8 тармағында көрсетілген нысанда және мерзімде жүргізіледі.

12. Бір мәрте мектептік тамақтандырудың құны 57591-00 тенге құрайды (күніне 355-50 тенге, тамақтандыру күні - 162)

13. Өнім беруші қызмет көрсетуді Шартта белгіленген мерзімге сәйкес жүзеге асырады.

14. Өнім беруші тарапынан қызметті орындауды кешіктіру Шартты орындауды қамтамасыз етуді шегеріп, қызметті уақытылы орындамағаны немесе заңнамада қарастырылған басқа шаралар үшін тұрақсыздық айыбын төлеп, Тапсырыс берушімен Шартты бұзуына негіз болып табылады.

15. Егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде қызметтерді көрсетпесе, Тапсырыс беруші шарт шеңберінде әрбір мерзімі өткен күн үшін Шарттың бағасынан 0,1 % соманы тұрақсыздық айыбы ретінде шегеріп тастайды.

16. Шарт талаптарын бұзғаны үшін Тапсырыс беруші Өнім берушіге міндеттемелерді орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Шартты бұзады:

1) Өнім беруші қызмет бөлігін немесе барлық қызметті Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған Шартты ұзарту кезеңі ішінде бере алмаған жағдайда.

2) Өнім беруші Шарт бойынша өзінің қандай да болмасын міндеттемелерін орындамаған жағдайда.

17. Дүлей күш жағдайлары туындаған кезде Өнім беруші Тапсырыс берушіге бір жұмыс күн ішінде мұндай жағдайлар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді. Егер Тапсырыс берушіден өзгеше жазбаша нұсқаулықтар түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды жалғастырады және дүлей күшке байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздеуді жүргізеді.

18. Өнім беруші, осы Шарттың 17-тармағының талаптарын орындаған жағдайда егер Шартты орындауды кешіктіру дүлей күш нәтижесі болса, өзінің Шартты орындауды қамтамасыз етуден айырылмайды және Шарттың талаптарын орындамауына орай тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе Шартты бұзуға жауапкершілік жүктемейді.

19. Тапсырыс беруші, егер Өнім беруші төлеуге қабілетсіз болса немесе Жосықсыз әлеуетті өнім берушілердің тізіліміне енсе, Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, кез келген уақытта Шартты бұза алады. Бұл жағдайда бұзу тез арада жүзеге асады және Тапсырыс беруші, егер Шартты бұзу залал келтірмесе немесе іс-әрекеттерді жасауға қандай да болмасын құқықтарды қозғамаса немесе Тапсырыс берушіге қойылған немесе соңынан қойылатын санкцияларды қолданбаған жағдайда, Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндеттемелер жүктемейді.

20. Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, оның бұдан әрі орындалуының орынсыздығына орай кез келген уақытта Шартты бұза алады. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетіледі, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттың бұзылуы күшіне енген күні көрсетіледі.

- "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы Заңына сәйкес Тапсырыс беруші мемлекеттік-жекешелік әріптестік тәртібі мен қағидаларын Тапсырыс берушінің тамақтандыруды ұйымдастыру туралы шартты жасасуына не жасасу ниетіне байланысты шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

21. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және оқитын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу

қағидаларының 69, 70-тармақтарының негізінде білім беру ұйымында тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия (бұдан әрі –бракераждық комиссия) құрылады.

- Өнім беруші бракераждық комиссияның ас блогына қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті. Бракераждық комиссияның келіп түсетін тамақ өнімдерінің сапасына, тағамдарды дайындау технологиясына, тоңазытқыш–технологиялық жабдықтардың жарамдылығына, өнімдер мен дайын тағамдарды сақтау мерзімдері мен шарттарының сақталуына мониторингті жүзеге асыруына кедергі келтірмеу керек.

22. Шартты бұзу негізі

- ас әзірлейтін бөлік қызметкерлерінің конкурс кезеңінде ұсынылған қызметкерлерге сәйкес келмеуі;

-Өнім берушінің ҚР заңнамасының талаптарын бұзуы: "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" ҚР Кодексі; "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"; "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"; "Тез бұзылатын тамақ өнімдерін сақтау жағдайларына және өткізу мерзіміне қойылатын санитариялық-гигиеналық талаптар"; және өзге де нормативтік құқықтық актілер;;

- тамақтану сапасына мониторинг жүргізу бойынша бракераждық комиссия анықтаған Өнім берушінің жүйелі бұзушылықтары;

-Өнім берушінің ҚР заңнамасының талаптарын бұзу фактілері бойынша мемлекеттік құзыретті және бақылаушы органдардың нұскамалары (өзге актілері);

23. Жоғарыда көрсетілген жағдаяттар негізінде Шарт жойылған кезде, Өнім берушіге Шартты бұзу күні кеткен нақты шығындар үшін ғана ақы төленеді.

24. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші тікелей келіссөздер процесінде олардың арасында Шарт бойынша немесе оған байланысты туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешуге бар күш-жігерін жұмсайды.

25. Егер осындай келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күн ішінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауды шеше алмаса, тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешеді.

26. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.

27. Шартқа сәйкес тараптардың бірі екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама, кейін түпнұсқасын бере отырып, хат, жеделхат, телекс немесе факс түрінде жіберіледі.

28.Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе күшіне енген күні (егер хабарламада көрсетілсе), бұл күндердің қайсысы кеш болатындығына байланысты күшіне енеді.

30. Осы Шартта Тапсырыс беруші мен Өнім беруші белгіленген тәртіпте келісілген өзге де айыппұл санкциялары немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шарттар көзделуі мүмкін.

31. Осы Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркеуден өткізгеннен кейін және Өнім беруші Шарттың орындалуын камтамасыз етуді енгізгеннен кейін күшіне енеді, 31 желтоқсан 2019 жылға дейін әрекет етеді.

32. Осы Үлгілік шарт орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызмет көрсетуді немесе тауарларды сатып алуды Тапсырыс беруші жүзеге асыру процесінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді.

Осы Шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар Тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамасына, Өнім берушінің конкурстық өтініміне және Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес келуі тиіс. Егер тегін тамақтануға құқығы бар білім алушылардың саны өзгерген жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы Шартқа тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

33. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері:

Тапсырыс беруші:

Қарағанды қаласы әкімдігінің
«Қарағанды қаласының білім бөлімі»
ММ «№38 гимназия» КММ

Қарағанды қ., Н.Әбдіров даңғылы
30 А үй,
т. 56-61-56
ЖСК KZ63070103KSN3004000
БСК KKMFKZ2A
БСН 960340000544
ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті ММ

Директор
Н.М.Мисюрина

М.О.



Өнім беруші:

Жеке кәсіпкер
Ким Сунха Анатольевна
Қарағанды қ., Олимпийская көшесі
30 үй,
т.41-46-97, ұялы.87013366662
ЖСН 621125401006
ЖСК KZ378210139895913607
БСК KINCKZKA
"Bank RBK" АҚ,
Жеке куәлік №021589578,
берілген күні 13.12.2007
ҚР ӘМ Қарағанды қ.

Директор

С.А.Ким

М.О.



Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді жеткізушіні таңдау бойынша техникалық тапсырма

Осы Техникалық тапсырмада Қарағанды қаласы әкімдігінің «Қарағанды қаласының білім бөлімі» ММ «№38 гимназия» КММ-де білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметке сәйкес келетін сапалық және сандық сипаттамалар беріледі.

Тамақ 1174 білім алушыға беріледі, оның ішінде жергілікті бюджет қаражаты есебінен 288000 теңге (екі жүз сексен сегіз мың теңге), оның ішінде ҚҚС (30857-14 теңге отыз мың сегіз жүз елу жеті теңге 14 тиын) қосқанда 5 білім алушыға тамақтандыру ұсынылады.

Қарағанды қаласы әкімдігінің «Қарағанды қаласының білім бөлімі» ММ «№38 гимназия» КММ-де білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша негізгі мақсаттар мен міндеттер – жас ерекшеліктері бойынша физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкес оқушыларды тамақтандырумен қамтамасыз ету.

Білім алушыларды тамақтандыру асханада жүзеге асырылады.

Қызметті жеткізуші ас блогының және оның персоналының жұмысына басшылық жасайды, сондай-ақ тамақ дайындау технологиясы, азық-түлік салу технологиясы, порциялардың шығу нормаларының сақталуын, білім алушыларға өнімдер пен тағамдардың берілуін және жеткізілетін өнімдердің сапасын бақылауды, оларды сақтау және тарату ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Қызметті жеткізуші ас блогында, өндірістік және қойма бөлмелерінде санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық ережелердің сақталуын қамтамасыз етеді.

Өнім беруші бракераж журналында нәтижелерді белгілей отырып, тарату алдында дайындалған тағамдардың күнделікті сынамасы бойынша медицина қызметкерінің жұмыс істеуіне жағдай жасайды.

Тағамдардың, тамақ өнімдері мен аспаздық өнімдердің тұтынушылық қасиеттері, олардың органолептикалық ерекшеліктері, дайындау технологиялары мен шарттары балаларға арналған тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі бөлігінде Кеден одағының техникалық регламенттеріне сәйкес келуі тиіс.

Мектептегі тамақтанудың базалық ұйымынан асханаға және (немесе) Қарағанды қаласы әкімдігінің «Қарағанды қаласының білім бөлімі» ММ «№38 гимназия» КММ-нің буфетіне тағамдарды жеткізу жағдайында тиісті температураның сақталуын қамтамасыз ететін арнайы ыдыстар (термоконтейнерлер) пайдаланылады.

Бірінші және екінші ауысымның білім алушыларына ыстық тамақ білім беру ұйымының директоры Мисюрина Наталья Михайловнамен бекітілген кестеге сәйкес беріледі.

Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келетін буфет өнімдерін сату үшін жағдайлар жасалады.

Дайын аспаздық өнімдер мен тамақ өнімдерін тарату жұмыс сағаттарында

жүзеге асырылады (асхананың және (немесе) буфеттің жұмыс уақыты 8.00-ден 18.00 дейін).

Қызметті жеткізуші ай сайын білім беру ұйымының директорына білім алушылар үшін пайдаланылатын тамақ өнімдерінің тізбесі туралы мәліметтерді, тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттарды қоса береді.

Өнім беруші міндетті түрде шығарылатын өнімнің ассортименттік тізбесін санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылық саласындағы мемлекеттік органда бекітеді.

Нақты тамақтану рационы перспективалық мәзірге сәйкес келуі тиіс. Санитарлық-эпидемиологиялық заңнама талаптарына сәйкес бір өнімді, тағамдарды және аспаздық өнімдерді баскасына ауыстыруға ерекше жағдайларда жол беріледі.

Оқушылардың жекелеген санаттары үшін (оқушылардың санаттарын көрсету) жеңіл (диеталық) тамақтану ұйымдастырылады.

Қызметті жеткізуші тағамдарды дайындау технологиясын сақтау және дайын тағамдарды калориялығына сәйкестігін сақтау үшін ас блоктарында тағам дайындаудың бірыңғай картотекасының (технологиялық карталар) болуын қамтамасыз етеді.

Тағамдарды дайындау, өнімдердің таратылуы, тағамдардың түсімі, тағамдарды дайындау технологиясы туралы мәліметтер, әр тағамның құрамы және оның тағамдық құндылығы (ақуыз, майлар, көмірсулар, дәрумендер құрамы) және әр тағамның (аспаздық өнім) энергетикалық құндылығы (калориялығы) және әр тамақты қабылдау жиынтығы туралы толық ақпарат көрсетілетін тағам картотекасын пайдалана отырып жүргізіледі.

Асхананың ас блогында тағамдар мен аспаздық өнімдерді дайындаудың технологиялық процесін қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастыруды өндіріс меңгерушісі қамтамасыз етеді.

Ас блогында санитарлық-эпидемиологиялық заңнама талаптарына сәйкес қажетті құжаттар (тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізатының, дайын аспаздық өнімдердің бракераж журналдарын, денсаулық журналын, тағамдардың дәрумендеуін жүргізу журналын, тоңазытқыш жабдықтың температуралық режимін есепке алу журналын, ас мәзірін, дайындалатын тағамдардың технологиялық карталарын, тамақ өнімдеріне кіріс құжаттарын, жеткізілетін тамақ өнімдерінің сапасын растайтын құжаттарды (жөнелтпе құжаттарды, сәйкестік сертификаттарын, сапа куәлігін, ветеринариялық-санитариялық сараптама құжаттарын, пікірлер мен ұсыныстар кітабын және т.б. атап көрсету) үнемі болу керек.

Өнім берушіде ас блогының әр қызметкеріне жұмыс істеуге рұқсаты бар медициналық кітапшалар болуы тиіс.

Өнім беруші қолда бар технологиялық, тоңазытқыш және санитарлық-техникалық жабдықтардың жарамдылығын және уақтылы мемлекеттік тексеруін (өлшеу құралдары үшін) қамтамасыз етеді, сондай-ақ санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы бар автокөлікпен тамақ өнімдерін жеткізуді ұйымдастырады.

Перспективалық мәзірге сәйкес білім алушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

ҚР заңнамасының талаптарын орындау; Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексі; "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"; "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"; "Тез бұзылатын тамақ өнімдерін сақтау жағдайларына және өткізу мерзіміне қойылатын санитариялық-гигиеналық талаптар"; және өзге де нормативтік құқықтық актілер;

Санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкес құжаттаманы жүргізу;

Ассортименттік тізбеге сәйкес өнім ассортиментін қамтамасыз ету;

Жақын күндері тағамдардың қайталануына жол бермеу (гарнирлер, жармалар);

Күн сайын көрнекті жерде, дұрыс тамақтану бұрышының жанында мектеп директоры бекіткен мәзірді ілу;

"Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және ҚР өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қауіпсіздік пен сапаны растайтын құжаттары бар өнімдерден тамақ дайындау;

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес өнімнің сапасы мен қауіпсіздігіне кепілдік беру;

Азық-түлік өнімдерін қолданбау керек:

- "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және ҚР өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес олардың қауіпсіздігі мен сапасын растайтын құжаттары жоқ болған жағдайда;

- түрі тауарлық емес, ақаулары, бұзылу белгілері бар және сақтау мерзімі өткен;

- санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдары қолдануға тыйым салған;

"Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және ҚР өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес түрі тауарлық емес, ақаулары, бұзылу белгілері бар, сақтау мерзімі өткен және олардың қауіпсіздігі мен сапасын растайтын құжаттары жоқ өнімді өз есебінен ауыстыру. Өнімді ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда, мұндай тауарды кері қайтару;

Өнімді жеткізу, сақтау және соңғы сату кезінде белгіленген санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың сақталуын қамтамасыз ету;

Санитарлық өңдеуден өткен өнімді ыдыста әкелуді жүзеге асыру;

Қоғамдық тамақтану кәсіпорындары үшін қолданыстағы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сәйкес бөлмелер мен жабдықтарды тиісті санитарлық жағдайда ұстауды қамтамасыз ету, бөлмеге өз есебінен косметикалық жөндеу жүргізу;

Су ішу режимін қамтамасыз ету; объектілер нормалау құжаттарының белгіленген талаптарына сәйкес қауіпсіз және сапалы ауыз сумен қамтамасыз етіледі. Объектілерде ауыз су режимі ұйымдастырылуы тиіс. Ауыз су, оның ішінде ыдыстарға құйылған (графиндер, шәйнектер, бактар және басқалар) немесе бөтелкеленген су, сапа және қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша нормалау

құжаттарының талаптарына сәйкес келеді. Суға арналған кулерлер (диспенсерлер) өндірушінің нұсқаулығына сәйкес үнемі тазартылады. Ішуге таза ыдыс (шыны, фаянс, бір реттік стакандар) қолданылады. Жеке бөтелкедегі сыйымдылықты пайдалануға рұқсат етіледі. Қайнаған ауыз суды үш сағаттан асырмай сақтаған жағдайда пайдалануға жол беріледі. Сондай-ақ биіктігі кемінде он сантиметр вертикальді су ағысының айналасында шектеу сақинасы бар стационарлық ауыз су фонтандарын қолдануға болады.

Ваннаға, ас үй ыдыстарын жууға арналған жуғыштарға ыстық су қосылған электротитандарды орнатуды қамтамасыз ету;

Пісіру цехында талаптарға сәйкес жұмыс жағдайында сору жүйесі болуы тиіс;

Термометрі бар тоңазытқыш, мұздатқыш камерасы болуы тиіс;

Азық-түлікті тоңазытқыштарда сақтау кезінде тауарлық көршілестікті сақтау (жеке сүт, жеке ет өнімдері);

Санитарлық нормалар мен ережелерде белгіленген мөлшерде асханалық ыдыстың болуы;

ҚР-да қолдануға рұқсат етілген санитарлық нормалар мен ережелерде белгіленген мөлшерде жуу және дезинфекциялау құралдар қорының болуы; дезинфекциялау кезінде бактерицидті сәулелендіру құралын қолдану. (Бактерицидті сәулелендіру құралы- бөлмелердегі ауаны және беттерді бактерицидтік әсердің тікелей ультракүлгін сәулелерімен (253,7 нанометр), вирустардан, бактериялардан, зендерден, саңырауқұлақтардан, ашытқылардан, споралардан және басқа да инфекциялық микроорганизмдерден зарарсыздандыруға арналған ашық түрдегі құрылғы);

Санитарлық нормалар мен ережелерде белгіленген мөлшерде таңбаланған жинау құрал-сайманының болуы;

Күн сайын ас блогында қажет болған жағдайда зертханалық бақылауға алынатын дайын тағамдардың сынамаларын қалдыруға болады;

Тамақ дайындау технологиясын сақтау;

Шикі және пісірілген өнімдерді өңдеу ережелерін сақтау;

Тамақ тарату кезінде тамаққа қол тигізуге жол бермеу;

Екінші тағамдар мен гарнирлерді тек қалақшамен, қасықпен, шанышқымен салу;

Міндетті түрде санитарлық минимум курсы және медициналық тексеруден өткен (растайтын құжаттарды: санитарлық кітапша және санитарлық минимум курсы өткені туралы сертификат ұсына отырып), сондай-ақ санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкес униформасы бар ас блогының персоналын жұмысқа қабылдау және жұмысқа жіберу;

Тиісті білімі, сондай-ақ өнім берушінің конкурстық өтінімінде көрсетілген жұмыс өтілі бар адамдарды аспаз лауазымына қабылдау;

Персоналдың жеке гигиена және белгіленген санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды сақтауын қамтамасыз ету;

Персоналдың медициналық тексеруден уақтылы өтуін қамтамасыз ету;

Актіні алған сәттен бастап 1 (бір) күн ішінде немесе мемлекеттік органдардың актілерінде көрсетілген мерзімде мемлекеттік құзыретті және бақылаушы органдардың нұсқамаларын (өзге де актілерін) орындау;

Тапсырыс беруші (Тапсырыс берушінің өкілі) және (немесе) мемлекеттік құзыретті және бақылаушы органдар оларды анықтаған сәттен бастап 1 (бір) күн ішінде Шарт талаптарының, техникалық ерекшеліктің және ҚР нормативтік құқықтық актілерінің (құқықтық актілер) талаптарының бұзылуын дербес және өз есебінен жою;

Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау;

Тапсырыс берушіге (тапсырыс берушінің өкілі) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде (құқықтық актілер) көзделген ыстық тамақты ұйымдастыруда оның міндеттерін жүзеге асыру бойынша асхананың ас блогына және өзге де бөлмелеріне кіруге рұқсат беру;

Суық суды, электр энергиясын, ағынды суларды пайдаланғаны үшін коммуналдық қызметтерге (есептеуіштің көрсеткіштері бойынша көрсетілген қызметтер үшін ұсынылған актілерге сәйкес), ҚТҚ-ны шығарғаны үшін (ұсынылған шот-фактуралардың негізінде) ақы төлеу. Жылу энергиясы мен химиялық тазартылған су үшін ақы төлеу бөлмені жалдау шартында көрсетілген алаңға сәйкес жүргізу. Қызмет көрсету үшін келесі төлемді айдың 05 күніне дейін жүргізу.

Санитарлық ережелер мен нормалар мектеп оқушыларын тамақтандыруды, медициналық қызмет көрсетуді және гигиеналық тәрбиелеуді ұйымдастыруға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды анықтайды.

Аз қамтылған отбасыдан шыққан 1-11 сынып оқушылары толыққанды тамақтануға тиіс. Оқушылардың тамақтануы нұсқаулыққа сәйкес бір оқушыға арналған нормаларға сәйкес болуы тиіс.

Мектеп жасындағы тиімді тамақтанудың негізгі принциптері:

- азық-түлік рационы калориялылығының тәуліктік энергетикалық шығындарға сәйкестігі;
- рационның химиялық құрамы, калориялығы, химиялық құрамы мен көлемінің жас ерекшеліктеріне және ағзаның ерекшеліктеріне сәйкестігі;
- рационда ақуыздар, майлар және көмірсулар арақатынасын оңтайландыру;
- поликанықпаған және каныққан майлы қышқылдар арасындағы қолайлы қатынасты сақтау;
- көкөністер мен жемістерді міндетті түрде қосумен әр түрлі тағамды күнделікті тұтыну;
- аспаздық өңдеу кезінде өнімдерде дәрумендерді барынша сақтау;
- тамақтану режимін сақтау.

Тамақтану сапасына қойылатын талаптар

Азық-түлік өнімдерінің (шикізаттар мен жартылай фабрикаттар) сапа сертификаттары болуы тиіс. Сақтау мерзімі өтіп кеткен және бүліну белгілері бар тамақ өнімдерін ілеспе құжаттарсыз қабылдауға жол берілмейді.

Мектеп асханасында тамақ дайындау үшін ұстануға болатын негізгі құжаттардың бірі - мәзір.

Мәзірді құрастыру негізіне келесі принциптер жатады:

- балалар ағзасының тағамдық заттарға қажеттілігінің тәуліктік нормасының ең аз 1/3-ін қамтамасыз ету;
- тағамдардың әртүрлілігі;
- тамақ өнімдерінің белгілі бір үйлесімі;
- маусымдылық;
- тағамдардың калориялылығы;
- тағамдар құны.

Тапсырыс беруші:

Өнім беруші:

Қарағанды қаласы әкімдігінің
«Қарағанды қаласының білім бөлімі»
ММ «№38 гимназия» КММ
Қарағанды қ., Н.Әбдіров даңғылы 30 А,
т. 56-61-56
ЖСК KZ63070103KSN3004000
БСК KKMFKZ2A
БСН 960340000544
ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті ММ

Жеке кәсіпкер
Ким Сунха Анатольевна
Қарағанды қ., Олимпийская көшесі
30, т.41-46-97, ұялы.87013366662
ЖСН 621125401006
ЖСК KZ378210139895913607
БСК KINCKZKA
"Bank RBK" АҚ,
Жеке куәлік №021589578, берілген
күні 13.12.2007
ҚР ӘМ Қарағанды қ.



Директор

Н.М.Мисюрина

М.О.



Директор

М.О.

С.А.Ким